



# Тәрлет, Әз Наурыз!



## Құттықтау!

### Көктемнің берекелі мерекесі

#### Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз - күн мен түннің теңеліп, тіршіліктің тамырына қан жүгіртіп, табиғатқа нәр беріп, адамзат баласына қуаныш ала келетін көктемнің берекелі мерекесі. Бұл күн-қыстың сәті аяқталып, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, ақ бұлақтарды ақтартып, жаңаша кейіпке енетін көгілдір көктемнің келгенін білдіреді. Қазақ халқы ежелден бері жаңару мен жасарудың, молшылық пен бақ-берекенің бәрін көктемнен бастаған. Азаматтың ақ таңы атқаннан бері қаймана қазақтың қай баласы болсын, Наурыз мейрамының қадір-қасиетін жете түсінуде. Тамыры тереңге кеткен айтулы мереке-халқымыздың болмысы, ырысы мен бірлігі, өнері мен мәдениеті, дәстүрімізбен діліміздің өзегі. Бұл күні адамдар өзара өкпе-назын ұмытып, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелген. Ақ дастарқан басында ақжарқын көңілмен қауышып, жеті түрлі дәмнен тұратын наурыз көжеден дәм татқан. Тал көшеттері егіліп, бұлақ көзі ашылып, айнала тазартылып, топыраққа дән түскен.

#### Құрметті жерлестер!

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын.

Халқымызға-ынтымақ, елімізге молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін! Ақ мол, жыл ырысты болсын!

Ізгі тілекпен:  
Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,  
аудан әкімі.



## НАУРЫЗ

Наурыз деген бойға сіңген дәстүрім,  
Мерекеміз тойланатын басты бір.  
Жер бусанып, иісі келіп, көктемнің,  
Жапырақтап, бәйшешектер ашты гүл.

Наурыз деген көптен күткен берекем,  
Бір Алладан тілеп жүрер мерекем.  
Елім болып, халқым менің қарсы алып,  
Шаттықпенен болашақты кеңесер.

Наурыз деген қазағымның ырысы,  
Ашылатын дәулеті мен тынысы.  
Жастарымның болашағын берік қып,  
Еңбегімен көрінетін бір ісі.

Наурыз деген ынтымақ пен бірлігім,  
Бітіретін еселі ғып тірлігім.  
Ұлт өкілі ағайын мен бірігіп,  
Ойын-сауық өткізетін күн бүгін.

Наурыз деген еркіндік пен талғамым,  
Үміт күтер келешектен арнамым.  
Жерге тастап дәні менен дақылды,  
Күзде жинап, шашпай-төкпей алғаным.

Наурыз деген айы болар кешірім,  
Атап өтер құшақтасып есімін.  
Алғыс күнін еске алып көпшілік,  
Ашып кірер ән мен күйдің есігін.

Жақсылық ЗҰЛПЫХАРОВ.



## Төрт қалада электровоз өндірісі ашылады

Астана және Алматы қалаларында, Жамбыл мен Түркістан облыстарында электровоз шығарып, оларға қызмет көрсететін өндіріс орындарын ашу жоспарланып отыр. Жобаларды іске қосу барысында жергілікті мыңдаған маманды даярлау қажет болады. Нәтижесінде, аталған аймақтардың тұрғындары үшін қаншама жұмыс орны ашылады. Ауқымды жобаны Францияның темір жол көліктері өндірісімен айналысатын компания жүзеге асырмақшы.

Төрт қалада ашылғалы отырған өндірістік жобаларды жүзеге асыруға «Alstom» 50 миллион еуро шамасында

инвестиция салуды көздеп отыр. Осынау игі шара еліміздегі электровоз тапшылығы мәселесін шешеді және Қазақстан жүк жөнелтушілеріне сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік ашады.

Бұл ретте Қазақстан өткен жылы сирек кездесетін металдар, «жасыл» сутегі, аккумулятор, көлік-логистикалық әлеуетті дамыту, сондай-ақ тауарларды жеткізу тізбегін әртараптандыру сияқты жаңа салаларда ынтымақтастық орнатты», деді министрдің орынбасары.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Президент Ресей және Қытай елшілерін қабылдады

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының елшісі Алексей Бородавкинмен әңгімелесу барысында Президент Владимир Путиннің Қазақстанға алдағы сапарының, сондай-ақ биыл күзде Қостанайда өтетін XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумын өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Бұдан бөлек, Қазақстан мен Ресей арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжан Сяомен кездесуде биыл мамыр айында Сиань қаласында өтетін «Орталық Азия + Қытай» саммитінің және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға жоспарланған мемлекеттік сапарының өзектілігі сөз болды.

Сондай-ақ екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту, экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту маңызды екеніне назар аударылды.

Мемлекет басшысы Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің Украинаға қатысты жағдайды саяси тұрғыда реттеу жөніндегі бітімгершілік әрекетіне жоғары баға берді.

## Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының 28-29 наурызда Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауылдық округтері мен Таукент кентінің халқымен кездесуі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 28 наурыз сағат 10.00-де Жартытөбе ауылдық клубта өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 28 наурыз сағат 11.00-де Жартытөбе ауылдық клубта өтеді.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 28 наурыз сағат 15.00-де Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 28 наурыз сағат 16.00-де Құмкент ауылдық



мәдениет үйінде өтеді.

Шолаққорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 29 наурыз сағат 10.00-де Шолаққорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 29 наурыз сағат 11.00-де Шолаққорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2023 жылғы 29 наурызда сағат 15.00-де Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2023 жылғы 29 наурыз сағат 16.00-де Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді деп жоспарлануда.

## Азық-түлік қымбатшылығының алдын алайық ағайын!

Өздеріңіз де білетіндей, біздің қоғамда өте түйткілді мәселенің бірі азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тұрмыс тауарларының тапшылығы мен қымбатшылығы болып тұр. Әрине, үкімет тарапынан азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, бағаны тұрақтандыру үшін жұмыстар жасалып жатыр. Бірақ біздердің үлкен өкінішімізге орай бұл жұмыстар жемісін жеткілікті дәрежеде бермеуде. Мұны да арнайы мамандар Ресей мен Украина арасындағы соғыстың салдарынан көршілерімізге салынған экономикалық санкциялармен және тағы да басқа оқиғалармен тікелей байланыстыруда. Тіпті, енді бірлері осы шарықтаған бағаны тұрақтандыру болмаса, оны төмендету жайында сөз қозғаудың өзі негізсіз деу-де. Керісінше, бұл қымбатшылықтың қоғамға әсерін тек азаматтарымыздың айлық жалақыларын, зейнетақыларын мен түрлі әлеуметтік төлемақыларының көлемін арттырумен ғана реттеуге болады дейтіндердің қарасы басым. Бұған қатысты Мемлекет басшысының өзі өкіметке бірқатар тапсырмалар беріп, қазіргі таңда қайсыбір сала қызметкерлерінің айлық жалақысын арттыру шаралары жүзеге асырылуда. Бұл енді биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі. Қалай жүзеге асатынын да, нәтижесін де уақыт көрсетер.

Осы орайда, қарапайым ауыл халқы жан азығы мен мал азығының тапшылығы мен қымбатшылығының алдын алу үшін не істей аламыз? Олай дейтінім, әлемде және елімізде орын алып отырған баға тұрақсыздығы мен азық-түлік және күнделікті тұтынатын заттардың бағасының күн сайын қымбаттауы аудан жұртшылығын да айналып өтпеуде. Сол себепті де аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі «Созақ үні» газеті арқылы аудан халқына: «Азық-түлік пен мал азығының қымбатшылығының алдын алайық, ағайын!» деген мазмұнда Үндеу жариялайды. Бұл ретте аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығына жауапты бөлімнің басшысы мен мамандары аудан жұртшылығының назарын мынау, түркі халықтары үшін жыл басы, көктемнің де жаршысы саналатын Наурыз айының жерлестеріміз үшін жайлы басталғанына аударғысы келеді. Өйткені, әдетте халқымызда: «Сәуір болмай тәуір болмайды» деген мазмұнда жазылмаған заңдылық бар болатын. Міне, биылғы жылы осы бір заңдылық Созақ жерінде сәл ертерек орын алып отыр. Әрине, салған жерден жерлестеріміз: «Тіл-көзіміз тасқа! Жаратқан жар болып, бергенің берекесін арттырсын!» деп, ай басынан бері жауған жауынның жерде тоң болмағаны себепті әдемі сіңіп жатқанын жақсылыққа жоруда. Тіпті: «Тек, терістіктен тұратын жайсыз жел жерімізді кептіріп жібермесе игі еді!» деп дұға етуді де ұмытпауда. Ендеше, әншейінде тасаттық беріп, Жаратқанға жұрт болып жалбарынып жүріп жаудырып алатын, сұраусыз жауған жаңбырдан соңғы жағымды жағдайды дұрыс пайдаланып алуымыз қажет. Ол үшін әуелі ауыл тұрғындары үй іргелік жерлерін тазалап, аударып бастауларымыз керек. Егер күн шығып кеп берсе, жаппай есіктерінің алдындағы егістік жерлерімізге көкөністер мен бақша өнімдерінің ұрығын сеуіп, көшетін отырғызуды тез арада қолға алғанымыз жөн. Кейін, әлгі мемлекеттен жалға шаруашылық жерлерін алған кәсіпкерлеріміз бар ғой, олар да ертерек иеліктеріндегі жерлеріне көктемгі суын беріп, жырттып, дөңді дақылдары мен бақша өнімдерін егуді бастағандары жөн. Олай дейтінім, бүгінгі тақырыбымызға арқау болған жан азығы мен мал азығының тапшылығы мен қымбатшылығының алдын-алудың бірден-бір жолы осы ғана. Әрине, мейлі үй іргелік жерімізге, мейлі ауыл шаруашылығы жерлерімізге күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлерінің барлығын бірдей егіп, азық-түлік қауіпсіздігінің алдын ала алмасуымыз анық. Алайда, сол қыстай мейлі тамаққа қосып, мейлі салат қып жауып жейтін сәбіз, картоп пен пияз, қырыққабат пен асқабақ сынды т.б бақша өнімдерін және мал азығы болатын жем-шөбімізді дайындап алуға әбден болады ғой. Әйтпесе, осы аталған мал-жан азығын үй іргелік және шаруашылық жерлерімізде егіп алуды тастап қоюмыздың, яғни, жалқаулығымыздың зардабын соңғы уақыттарда оңбай тартып келе жатырмыз. Себебі, өзіміз егепен соң әлбетте мұның барлығын сырттан сатып алуға мәжбүрміз. Ал енді, сырттан сатып алатын саудагерлер бізді оңдырсын ба? Олардың көздегендері қолыңда бар тауарын мейлінше қымбатқа сатып, қазір қарқ болып қалу. Біздің азын аулақ, айлығымыз бен шайлымыздан артылмайтын ақшамызды жеткізе алмай күйзеліп жүргенімізді қайтсін олар? Солай екен, аталарымыз небір шапқыншылықтарда найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, аманат қылып кеткен үй іргелік және шаруашылық жерлерімізді, таулардан сарқырап аққан суларымызды, өкімет жаратып берген басқа да мүмкіншіліктерді жанашырлықпен, тиімді пайдаланайық! «Еңбек етсең емерсің!» деген бабалар сөзін есте естен шығармайық! Сосын, мына ауыл шаруашылығы мен саудасаттықта жүрген кәсіпкер жерлестерімізге де: «Арда азаматтар! Мынадай, дүниені соғыс, қаржы дағдарысы, саяси тұрақсыздық есебінен тұрмысын тапшылық, қымбатшылық тұқыртып тұрған жерлестерімізге, дін-қарындас бауырларыңызға мейіріммен, жанашырлықпен қарап үйреніңіздер! Қолыңызда бармен бөліспесеңіз де, бағасын асырмай сатыңыздар! Көршісі аш отырғанда тоқ отыруды ар санайтын аталардың ұрпағы емес па едік, ынсап сайын береке кіретінін ұмытпайық! Әсіресе, мына алдымызда келе жатқан қасиетті ай Рамазанда мейлінше жомарт, ынсапшыл болайық ағайын!

Данияр БЕК.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Бабата елді мекенінде болып, ондағы салынып жатқан заманауи үлгідегі, жабық кіші футбол алаңының құрылыс жұмыстарымен танысты. Аталған ойын алаңының құрылыс жұмыстарын ауылдың 1962 жылы туылған азаматтарынан бастап, 2002 жылға дейінгі жастары жұмыла көтеріп, ауыл жастары салауатты өмір салтын ұстану мақсатында бастаған болатын. Бүгінгі таңда құрылыс



## Аудан басшысы Жартытөбе ауыл округінде болды

жұмыстарының 90 пайызға жуығы аяқталды. Аудан басшысы жасанды алаң мен жабық гимарат кез-келген мезгілде жастардың спортпен айналысуына ыңғайлы екенін айтып, құрылыс жұмыстарына қолдау білдіріп отырған ел ағалары мен ауыл жастарының жұмыстарына сәттілік тіледі.

Сапар барысында Жартытөбе ауылына соғып, ондағы ауыл аумағын көркейту-көгалдандыру мақсатында жасалып жатқан жұмыстардың жай-күйін бақылады. Сонымен қатар, Аққолтық елді мекенінде болып, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысты. Ауылдың бірқатар тұрғындары ауылға кіре

беріс тұста, тау бөктеріндегі өзеннен қысқы және көктемгі мезгілдерде өту қолайсыздық тудыратынын айтып, осы мәселенің шешу жолдарын қарастырып беруді жеткізді. Аудан басшысы аталған орынға арнайы барып, ауыл округ әкіміне шешу жолдарын айтып, тиісті тапсырмалар жүктеді.

## Наурызға тарту

## Жуантөбедегі жағымды жаңалықтар



Жуантөбе ауылдық округі әкімі Дәуржан Ыбыраевтың өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл халқымен есептік кездесу барысында тұрғындар тарапынан мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке өткен жарықтанды-

ру жүйелерінің тұрақты түрде, толық жануы қадағаланса - деген мәселе көтерілген болатын. Бұған дейін энергия үнемдеу мақсатында 4 көшенің жарықтандыру жүйелері мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке өтіп, автоматты түрде жанатын болып, жаңғырту жұмыстары жүргізілген болатын. Наурыз мерекесіне тарту есебінде «Торлан-Строй» ЖШС-не мәселенің маңыздылығын, оқушылардың мектепке барып-келудегі қауіпсіздігін ескере отырып, жанбай тұрған бағаналарға жарықтандыру шамдарын орнатып мәселенің оң шешілуіне ықпал еткені үшін алғыс білдіреміз. Алдағы уақытта да әкімшілік теңгеріміндегі жанбай қалған бағаналар мен орын алған кемшіліктер қалпына келтіріліп, тиісті жұмыстар атқарылады.

2018 жылдан бері ауылдағы негізгі 8 көшенің қазіргі таңда 6 көшесі мен көшеаралық жолдар, қажетті объектілер жарықтандырылған.

## Мереке - тазалықтың айнасы

Ауылдағы С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі көктем мерекесіне орай мектеп төңірегінде санитарлық тазарту, көркейту және күл-қоқыстарды жинау мақсатында сенбілік шарасы өтті. Негізінде сенбіліктер тұрғындардың қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және ауылдың санитарлық жағдайын жақсартуға тигізер ықпалы мол.

Осы күні «Әр отбасыдан бір ағаш» ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Сенбілік Жуантөбе ауылдық округі әкімшілігінен бастау алды. Акцияны ашқан ауылдық округ әкімі Дәуржан Жолдасұлы іс-шара маңыздылығына тоқталып, алда келе жатқан Наурыз тойын береке-бірлікпен қарсы алып, барша тұрғындарды ауыл тазалығына атсалысуға шақырды. Іс-шара барысында 85 ке жақындаған қария Шәймерден Өтенбай батасын беріп, биылғы көктемнің алғашқы көшетін отырғызды. Сондай-ақ сенбілікке Созақ ауданының Құрметті азаматы, ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жанұзақ Сатыбалды, ардагер ұстаз Зұлхарнаев Амантай, ауыл имамы



Амандосов Сабыр, ауыл қариялары, әкімшілік қызметшілері, мекеме басшылары мен ұжымы, белсенді жастар мен ақылы қоғамдық жұмысшылары, ауыл тұрғындары қатысты. Аталған акция

аясында ауыл әкімі аппаратының жаңа гимаратына 370 түп көшет, 270 тал, 100 гүл, отырғызылып, ауылдағы мекемелер аумағы мен бекітілген көше бойлары мен аулаларға тазалық жұмыстары жүргізіліп, көше тұрғындары өз үйлеріне тазалау, ақтау, сырлау жұмыстарын жүргізді. Жергілікті орман шаруашылығының демеушілігімен ауылдағы 40 үйге 200 ге жуық көшеттер үйлестірілді. Алдағы уақытта да тазалық күндері тұрақты түрде өткізіліп, ағаш отырғызу-жалғасын таппақ.

«Созақ үні»-ақпарат.



Созақ ауданында ауылшаруашылық саласында ілгерілеу жұмыстары жүргізілуде. Соның айғағы іспетті Созақ ауылдық округінің үздік шаруашылығы «Болыс ата» шаруа қожалық төрағасы Шарипжан Рысметов көктем шығар шықпастан өкіметтен 49 жылға шаруашылық жүргізу үшін жалға алған жерінің басына барып, мың ойланyp, сан толғанып, биылғы егін жоспарын қалай етсем, не ексем деген оймен оңашада өзімен өзі кеңесіп, бір тоқтамға келгендей болды. Қыс қылышын сүйретіп кеткелі он күннің жүзі болсада шығыстың желі шымшылап барады. Жылдағы әдетінен асырып биыл 21 га суармалы жердің 5 га қарбыз, 2 га қауын, 5 га арпа, 1 га бау бақша көкөніс егіп тағы да тәуекелге бел бумақшы. Ендігі кезекте күн жылт етісімен егінді бастап кеп жіберу керек деген оймен былтырғы жер қайта аударылып, ойдағы егін егіліп жатыр, қауын-қарбыздардың алғашқы егілгендері қылтып шығып, көңіліне қуаныш ұялатты. Шықпай қалған жерлерін отбасы мүшелерімен аралап жүріп, қайта егіп шықпақ.



көлемін кеңейтіп, алатын өнімінде арттыратынын жеткізді. Ауылшаруашылық саласына мемлекеттік бағдарламалар арқылы осындай қолдау жасалып отырса, жұмыстары да өнімді болары сөзсіз.

Созақ ауылдық округінде шаруалар суармалы егіс алқаптарын суару үшін, арнайы жаңбырлатып суару қондырғыларын сатып алып қолдана бастады. 2021 жылы «Болыс ата» шаруа қожалығы 9 млн теңгенің жаңбырлатып суару қондырғысын алса, «Ташей» шаруа қожалығы 6.5 млн теңгенің жаңбырлатып суару құрылғыларын іске қосқан болатын. Өткен жылы «Ер-Думан» шаруа қожалығының төрағасы Манабаев Төленті ағамыз өзінің 2 га егістігін суару үшін 750 000 теңгеге қарапайым жаңбырлатып суару қондырғысын алып келіп диханшылығына пайдалануда. Су жоқ деп қарап отырмай әрекет жасап, жерді мақсатында тиімді пайдаланып отырған шаруаларға айтарымыз тек алғыс. Кешелі бүгін Созақ ауылдық округінің жаңадан қайта сайланған әкімі Батырхан Аяпов шаруалардың

## Көктемгі егіске сақадай сай шаруашылықтар

«Күміс жас» бағдарламасына орай 4-5 жұмыссыз азаматқа аудандық жұмыспен қамту бөліміне тапсырыс беріп қойдым. Құдай қаласа ауылдың жігіттерін жұмысқа жалдап жұмыс барысын тездетпесе тез арада күн ысып кететін түрі бар. Әрине басында жүріп көрсетіп отырып жігіттерге барлығын үйретіп жатырмын. Жігіттер жақсы, жұмысқа әбден

тұр,-дейді қожалық төрағасы. Ойлап қарап отырса бір аптада біраз шаруа атқарылыпты. Өткен жылдары «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқылы Беларусь МТЗ-892-2 доңғалақты тракторын 12 млн теңгеге 7 жылға лизингке алды. Оның 2 млн 700 мың теңгесін мемлекет тарапынан субсидияланып отыр. Су жаңа тракторда осылай салоннан алыныпты, сонымен қатар жаңа технология

тан бері аудан тұрғындарын жоңышқа, жүгері, қауын мен қарбыз, қызанақ пен картоп өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған жайы бар. Одан бөлек, берісі еліміздің ірі қалалары Астана, Қарағанды, Алматы, Шымкентке арасы шет елдерге сапалы, экологиялық таза қауын-қарбызды жіберіп отырған.

2019 жылы Ресей федерациясының Санкт-Петербург қаласына 200 тонна-

тыныс-тіршілігінен хабар алу мақсатында егіс алқабына ат басын бұрды. Шаруалар үшін негізгі түйткіл су жетіспеушілігі болғанымен бұл мәселе «Суындық» каналының салынуы барысында біраз шешімін тапты. Ал «Болыс ата» шаруа қожалығы қолдан құдық қаздырып, электр желілерін тарттырып су тапшылығы мәселесіне бір жолата нүкте қойған болатын. Былтыр Ресей мемлекетіне қарбыз артқан «Б.Абдраманов» шаруа қожалығы Созақ ауылдық округіндегі ең ірі шаруашылықтардың бірі және бірегейі. 2019, 2020, 2021 жылдары қауын-қарбыз егіп Ресей Федерациясына экспорттаған болатын. 2022 жылы 15 га бақша өнімін егіп, (оның 4 га қауын, 11 га қарбыз) өнімі пісіп бастағанда екі күнде 100 тонна өнімді экспортқа аттандырды. Сондай-ақ, өткен жылы Созақ ауылдық округі «Қуаныш» шаруа қожалығының төрағасы Болысбаев Бақыт ағамыздың шаруашылығында «БИОГУМУС» өндіру тақырыбында семинар жиын болып өткен. Жиынға Түркістан облысының өңірлерінен «БИОГУМУС» өндіру ісінің көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар мамандары, аудан басшылығы және аудан шаруа қожалықтары қатысып, жыныда Калифорниялық шылаушын құрты арқылы «Биогумус» өндіру технологиясының жай-күйі айтылып, іс-тәжірибе арқылы көрсетілген. Биылғы жылы бұл сала да жұмысын жандандырады отыр. Созақ ауылдық округі әкімшілігі мен диханшыларына береке, жұмыстарына табыс тілейміз.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**



төселген, көрсеткенді бірден қағып алып кетті. Өзі келіні Жұлдызбен бірігіп жаңбырдан соң топырағы қатып қалған көшеттердің түбін біртіндеп босатып жүр. Ұлы Марусжан мен келіні Жұлдыз шаруаға әбден машықтанған, өзі бір тыным таппайды, тракторды да айдайды, басқасын да жайғайды. Күн ысыса жердегі көшеттердің түбін бұлай босату оңай шаруа емес екені айтпаса да түсінікті болып

жаңбырлатып суару техникасын да алыпты. Абыр-сабырмен бұл шаруаның барлығын атқарып тастағанына іштей қуанышты. Енді міне, Алла бұйырса көктем, бойы төккен тердің жемісін алдағы уақытта көретін болады. Осының бәрі қажырлы еңбек пен жер ананың арқасы. Қожалық қазіргі таңда 4000 көшетті өздері өндіретін болады. «Болыс-Ата» шаруа қожалығы 2015 жылы құрылып, сол уақыт-

дан астам қарбыз жөнелтсе, 2020 жылы карантиндік тосқауылға қарамастан Башқұртстан мемлекетінің Октябрьск қаласына 100 тоннадан астам қарбыз жөнелткен. Шаруаның тынымсыз еңбегінің арқасында жылына 70 тоннадан астам жоңышқа, 20 тоннадан астам жүгері жинаса, 1 гектардан 80-90 тонна қарбыз өндірген. Алдағы уақытта Шәріпжан Айтметұлы «Болыс-Ата» шаруақожалығын жұмыс

Әр саланың өз қызметшісі болады. Мамандығының қыр сырын жете меңгеріп, оның қалтарыстары мен қиындықтарын терең ұғып, жан-тәнімен беріле қызмет еткен қызметші-нағыз қызметші. Аудандық салық саласында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан Жаппарова Эльмира Мусиралинаны әріптестері салық саласының білгір маманы деп құрметтейді. Десе дегендей, еңбекқорлығы зеректігімен ұштасқан, бар қажыр-қайратын жұмысына арнаған Эльмира табанды тірлігімен абырой жинап келеді. Жаппарова Эльмира Мусиралина еңбек жолын Созақ аудандық ХРУ мекемесінде бастап, «Дизайн проект Ырысты» мекемесінде есепші болып, 1999-2001 жылдары Со-

## Кәсіби маман-ұжымның айнасы

зақ ауданы бойынша салық комитетінде төлемдердің түсу есебін жүргізу мен талдау секторының аға маманы қызметіне келісім бойынша қызмет атқарған. Содан бері осы мекемеде жетекші маман, бөлім бастығы, Салықтық бақылау және өндіріп алу бөлімінің бас маман қызметтерін атқарып келеді. Осы жыл ішінде мемлекеттік кірістер жүйесінің дамуына елеулі үлесін қосқаны үшін аудан әкімінің, Оңтүстік Қазақстан облыстық маслихатының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Төрағасының



алғыс хаттарымен, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының «Еңбек

озаты» төс белгісімен, мемлекеттік кірістер басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған. Осынау құрмет пен игілікті еңбектің, ұйқысыз түндер, қиындығы мен қызығы мол күндердің жемісі осындай болмақ. Эльмираның тәртіпті құрметтеуі, айтылған тапсырмаларды дер кезінде орындауы ерекше қасиеті болып табылады. Ұйымдастырушылығы зор, үнемі ізденіп, тыным таппайтыны, кәсіби біліктілігі адами қасиеттерімен толыға түсіп, нағыз маманың келбетін береді. Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқар-

масының ұжымы бірлігі жарасқан берекелі ұжым. Жауапты саланың қыр мен сыры мол, табанды тірлік пен кәсіби шеберлікті талап етеді, төлемгерлермен де жұмыс жүргізу мәдениеттілікті, тәртіпті керек етеді. Тәуелсіздік жылдары халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға орасан үлес қосқан мекеме бұл күндері заманауи сұранысқа сай қызмет етіп, салық саласын дамыту бағытында жұмысын табысты жүргізе бермек. Эльмира Мусиралина әріптестерімен бірге еселі еңбектерімен, өлкеміздің өркендеп, өрлеуіне жемісті де жеңісті биіктерден көріне береді деген ойдамыз.

**Багила АЯЗБАЕВА.**

## Өзекті мәселе

Отбасылық ансамбльдер  
қайта оралса...

әкімдік қолдауы керек. Олар қазақ мәдениетін, оның ішінде ән өнерін, би өнерін жергілікті жерлерде ұлттық сипатта насихаттаушылар. Дәстүрлі әндерді орындап ұлт мәдениетін қалыптастырушылар. Осы Арыстанбаевтар ансамблінің жас мүшесінің бірі Роза Арыстанбаева бүгінгі таңда еден жуушы болып нәпақа тауып отбасын асырап жүр. Неге осындай өнерлері жандар балабақша, мектеп, мәдени ошақтарға мәдени ұйымдастырушы кәсіби маман ретінде тартылып пайдаланбақса?

Жалпы мұндай мысалдар көп. Біз «Бұлақ көрсең көзін аш!» деп айтамыз. Бірақ сол қағиданы ұстанып орындамаймыз. Өнерпаз, шығармашылық иелерінің қадірін ұғынып, ел пайдасына жаратуға құлықсызбыз.

Менің ойым ауданда «Өнерлі шаңырақ» атты отбасылық байқау өткізілсе онда домбырамен ән айту, хорда, би, әнші-терме жанрларын түгел қамтыған, қазақы нақыштағы сипатпен шықса.

Байқау өткізіліп қазақ мәдениеті, ән өнері, би өнері насихатталып, әрбір отбасының концерті бөлек-бөлек өткізіліп байқау деп аты айтып тұрғандай репертуарларының әлеуетін байқар едік, елеп екшер едік.

«Біздің ұялы телефон пайдалануға, бос жүріске, уақытты босқа өткізуге артық-ауыс уақытымыз жоқ болатын.

Жаңабек ағам репертуарларды қайта-қайта пысықтап, ас мәзірімізге дейін қадағалайтын. Сондай тәртіптің ізденістің арқасында елге танылды. Балаларымыз бізден, біз кезінде үлкендерден үлгі-өнеге алуға тырыстық. Қазір күні көптеген мәдени шараларға бізді ауыл өнерпазы ретінде шақыра бермейді. Әркім өз күн көрісі, күнделікті тіршілікпен бет-бетімен кеткен. Менің өзімде Түркістан қаласында тұрамын. Егер мәдени шараларға шақырып жатса әрине қатысуға тырысамын,-дейді ансамбль мүшесі Мырзабек Арыстанбаев.

Соzaқтық Рысметовтер ансамблі туралы айтар болсам Рысметовтер отбасылық ансамблі 1984-1986 жылдары елге қызмет етті. Рысметов Кәмілжан ағамыз Ә.Науайы атындағы мектепте мұғалім. Жетекшісі сол кісі болып, мүшелері Рахымжан, Шәріпжан, Фатима, Зухра болды. Сол жылдары, аудандық байқауда бас жүлдеге ие болып, облыста ауданның намысын қорғап арнайы жүлде иеленіп, Құрмет грамотасымен марапатталады. Аудандық байқауда комиссия төрайымы Зоя Бектаева ағамыз болатын.

1986 жылы Соzaқ өнерпаздарды Алматы қаласындағы «Қазақстан» телеарнасындағы арнайы сазды бағдарламалық хабарға шақырылып, деректі фильмге түсіп соzaқтық өнерпаздар бүткіл Қазақстанға есімдері мәшһүр болды. Таяуда ғана аудан әкімінің жаңа орынбасары Қалдыбек Әбілдахлының қабылдауында болып осы ұсыныстарымды айттым. Ол азамат өнер жанышыры ретінде қызу қолдап алдағы мамыр айында басталатын «Теріскей таланттары» халық өнері фестивалінің бағдарламасына отбасылық өнерпаздар ұжымын енгізетін болды. Ендеше аудан көлеміндегі ауылдар мен елді мекендердегі отбасылық өнерпаздар өз өнерлерінді халықтың назарына ұсынып тыңдарман қауымның ыстық ықыласына бөленулеріңізге мүмкіндік бар. Айтулы аламанға сақадай сай болып келулеріңізге шын ниетпен тілектеспіз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің  
Тергеу саласына 60-жылҚырағылық пен қалтқысыз  
қызмет басты міндетіміз

Соzaқ ауданы 1928 жылы құрылған. Бұрынғы Теріскей елі алты болыстан құралған. Олар Сырдария губерниясынан Түркістан уезіне қараған. Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің 1928 жылы қаңтар айында аудандастыру қаулысы шығып, сол жылы Соzaқ аудандық орталық атқару комитетінің милиция бөлімі болып құрылды. Биылғы жылы тарихы ауданның құрылуымен бірге аталып өтетін Соzaқ аудандық полиция бөліміне 95 жыл толады. Соның ішінде тергеу бөлімінің тарихы өз алдына бір төбе. Тергеу саласының ардагерлерін атап өтер болсақ, 1998-2010 жылдары аралығында аға тергеуші лауазымын Исаев Әкімжан Өміртайхлы, 2002-2019 жылдары аудандық ішкі істер бөлім бастығының тергеу ісі жөніндегі орынбасары Жақаев Тимур Мырзағалихлы, 2003-2007 жылдары, Игілікөв Сейітжаппар Амандықұлы аға тергеуші лауазымын атқарса, 2005-2019 жылдары аралығында Мамшетов Абдурахим Ахметұлы тергеуші лауазымын, Тұрысбеков Қанат Қияқбайұлы 2012 жылы аға тергеуші лауазымдарын атқарған. Аты-жөндері аталған азаматтар бүгінгі таңда полиция қызметінің зейнеткер-ардагерлері. Ардагерлер ағаларымыз жастарға патриоттық тәлім-тәрбие беруде ұдайы белсенді жұмыстар атқарып келеді.

Бүгінгі таңда мен Соzaқ аудандық полиция бөлімі бастығының тергеу ісі жөніндегі орынбасары лауазымын полиция подполковнигі Оралбаев Ербол Әбдіғалпұрұлы абыройлы атқарып келемін. Тергеу бөлімшесінде жалпы бес қызметкер қызмет атқаруда. Бөлімшеде Жансейіт Досжан Бексейітұлы және Мади Сағи Нұрболұлы аға тергеуші лауазымын атқарса, тергеуші қызметін Шуланбаева Жанерке Жанібекқызы атқаруда. Осымен қоса аға анықтаушы лауазымын Асан Бекнұр Әділжанұлы және анықтаушы Камашов Сержан Соzaқбайұлы атқарып келеді. Соzaқ ауданының полиция бөлімі мен тергелетін істердің ішінде негізгі көп тергелетін істер мал ұрлығы, заңсыз аңшылық, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарларды аулау, аңшылық жасау және тағы басқа да қылмыстар болып табылады. Тергеу бөлімшесінің қызметкерлері қызмет барысында осы сияқты істермен жиі жұмыс жасап келеді.

Соzaқ АПБ-нің тергеу және анықтау саласы бойынша 2023 жылдың 2 айында атқарған жұмыстарды саралар болсақ, Соzaқ АПБ-нің бөлімшелері мен топтары арасында, Тергеу және Анықтау саласы өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда тергеу саласы бойынша 2-тергеуші, анықтау саласы бойынша 2-анықтаушы жұмыс атқаруда. Тергеу және анықтау саласының басшысы полиция подполковнигі Е.Оралбаев, 2021 жылдың қыркү-

йек айының 1-нен бастап қызмет атқарып келеді.

Тергеу және анықтау саласының көрсеткіштеріне келетін болсақ, 2023 жылдың 2-айында Тергеу және Анықтау саласының қызметкерлерінің көрсеткіштері (одан әрі қызметкерлер) 2022 жылдың көрсеткіштеріне қарағанда біршама жақсарғанын атап өтуге болады. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың 2-айында қызметкерлермен жалпы 25 қылмыстық іс қозғалып, 19-іс өндірістен аяқталған, ал 2022 жылдың 2-айында 34-іс қозғап, 10 іс өндірістен аяқталған, яғни биылғы жылы қылмыстық тіркелімі де едәуір төмендегенін және өндірістен аяқталған істердің арта түскенін байқауға болады. Ал қылмыстық істерді сотқа жолдауына келетін болсақ, аудандық прокуратура қызметкерлерімен зерделене отырып, жалпы 28-іс сотқа жолданғанды, ал 2022 жылы-іс сотқа жолданған. Оның ішінде сотқа дейінгі тергеу-тексеру жеңілдетілген тәртіппен 9 іс сотқа жолданған. 2022 жылы жеңілдетілген тәртіппен бір де бір іс сотқа жолданбаған.

Ағымдағы жылдың 2-ай қорытындысымен сотқа жолдау жүктемесімен аға тергеуші полиция капитаны Д.Жансейіт 12 істі айыптау актісімен сотқа жолдаса, анықтау саласы бойынша полиция аға лейтенанты С.Қамашов 5-іс сотқа жолдап, жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізгендерін атап өтуге болады.

Сотқа жолданған істердің негізгісі алаяқтық қылмыстары құрайды. Қазіргі таңда елімізде кең тараған ғаламтор желісін пайдалана отырып жасалған алаяқтық істер өршіп барады.

Осының негізінде аудан тұрғындарына, ғаламтор арқылы «жеңіл ақша табасыз», «мүлкіктің несиені қолма-қол ақша етіп шығарып беремін» деген және т.б жалған жарнамаларға еріп, алаяқтардың құрбаны болмауға шақырамын.

Ағымдағы жылы 5 сәуірде Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Тергеу саласына 60-жыл толу мерекесіне қатысты, Түркістан облысы ПД-і Тергеу басқармасының ұйымдастыруымен облыс көлемінде спорттық іс шаралар (кіші футбол, қол күрес, тапанша ату) ұйымдастырылуда. Осыған орай қазіргі таңда Соzaқ аудандық полиция бөлімінің тергеу және анықтау саласының қызметкерлері жүлделі орын алу үшін бар күш жігерлерін салып, дайындалу үстінде.

Айтулы мерекемен барша әріптестерімді құттықтаймын! Ауданымыздың құқық қорғау саласында азаматтардың құқықтары мен құқық бұзушылықтардың алдын алуда халыққа қалтқысыз қызмет атқара беретін боламыз.

**Ербол ОРАЛБАЕВ,**  
Соzaқ аудандық полиция бөлімі тергеу және анықтау саласының басшысы, полиция подполковнигі.

Денсаулық – зор байлық. Денсаулығының жақсы болуы бірінші адамның өзіне байланысты. Яғни, дұрыс тамақтануына, спортпен шұғылдануына, гигиеналық тазалықты сақтауына, зиянды әдеттерден аулақ болуына тікелей байланысты. "Ауру – астан" дейді дана халқымыз. Сондықтан тамақтың таза, дұрыс дайындалуы да үлкен маңызға ие. Үйде әйел-аналарымыз тазалыққа, тамақтың таза пісуіне, азық-түліктің мерзіміне ерекше мән беруі қажет болса, қоғамдық тамақтану орындарында, азық-түлік сататын дүкендерде де жеке кәсіпкер бұл мәселелерге үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Сонымен бірге қоғамдық орындар мен әлеуметтік нысандардың санитарлық талаптарға сай болуы маңызды. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы аудан аумағында құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық



медициналық көмек көрсететін, амбулаториялық-емханалық, консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін, қан қызметі саласында қызметті жүзеге асыратын, стоматологиялық қызметтерді көрсететін денсаулық сақтау объектілері, медициналық-әлеуметтік оңалту объектілері, балалар мен жас еспірімдер тұрмайтын білім беру объектілерінің жатақханалары, тәрбиелеу мен білім берудің арнайы, түзету кабинеттері (орталықтары), балалар мен жас еспірімдерге арналған оңалту орталықтары, отыратын орын саны 50-ден асатын тамақ өнімдерін өндіретін, қайта өңдейтін және өткізетін қоғамдық тамақтану объектілері, сүт өңдеу объектілері, дайын сүт өнімдерін өндіру объектілері, ет өңдеу объектілері, ет және еттің жартылай фабрикаттарын және (немесе)

ныс құралдарын, жылжымалы объектілерде орналасқан теңіз, өзен және әуедегі жылжымалы радиобайланыс құралдарын қоспағанда, жиілігі 30 килоГерц-тен (бұдан әрі – кГц) 300 гигаГерцке (бұдан әрі – ГГц) дейінгі радиожилілік диапазонындағы стационарлық таратушы радиотехникалық объектілер (байланыс, радиобайланыс, радиохабар тарату, теледидар, радиолокация және радиобасу құралдары), химиялық заттар мен өнімдерді, агрохимикаттарды және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалар, вакциналар мен иммундық-биологиялық препараттарды, дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын сақтау және тасымалдау объектілері, спорт-сауықтыру мақсатындағы объектілер, бассейндер, сыйымдылығы 20 орын және одан асатын моншалар мен сауналар, вахталық кенттер, 2-санаттағы су объектілері (мәдени-тұрмыстық мақсат-

## Мақсат – халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету

бақылауға және қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімді бақылау және қадағалау, сондай-ақ техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау салаларындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесі болып табылады. Мекемеде бүгінгі таңда басқарма басшысы, бөлім басшылары және бас мамандар мен жетекші мамандар жұмыс атқарып отыр.

Аталған мекеменің бүгінгі таңда атқарған жұмыстары мен міндеттері жайлы, жалпы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының негізгі функционалдық міндеттері жайында оқырман қауымға бірқатар ақпарат беру мақсатында мекеме басшысы Хасен Оспановпен сұхбат жүргізген болатымыз.

**-Хасен Нәлібайұлы, санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды дегеніміз не, ол қорытынды қандай нысандарға алынады және де аудандық СЭББ-да мемлекеттік қызметтер қандай жүйе арқылы көрсетіледі?**

-Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын құжат. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығы негізінде санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Ал, қандай нысандарға қорытынды алынады деген сауалға келер болсақ, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексінің 20-бабына сай, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге

де мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшесі:

-өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерге;

-қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары жөніндегі нормативтік құжаттаманың жобаларына;

-есептемелік (алдын ала) және белгіленген (түпкілікті) санитариялық-қорғаныш аймақтарын белгілеу жөніндегі жобаларға;

-шикізат пен өнімге;

-топыраққа, су айдындарына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме жөніндегі материалдарға профилактикалық бақылау және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері негізінде береді.

**-Енді мынаған жауап берсеңіз, қандай объектілер эпидемиологиялық мәні жоғары деп есептеледі?**

-Эпидемиологиялық мәні жоғары объектілерге балалар сүт асүйлері, барлық түрдегі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілері, балалар мен жасөспірімдер тұратын барлық түрдегі және типтегі білім беру және тәрбиелеу объектілері, ұйымдастырылған ұжымдардағы (мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарындағы, интернат ұйымдарындағы, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарындағы, вахталық кенттердегі, құрылыс алаңдарындағы, өнеркәсіптік объектілердегі) қоғамдық тамақтану және сауда объектілері, кремді кондитерлік бұйымдарды өндіру объектілері, дәрілік заттарды өндіру, дайындау объектілері, көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері, жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар және көлік құралдары (теміржол, су, әуе), радиациялық қауіпті объектілер, емдік-косметологиялық объектілер, сәулелік салондары, тері және сілемейлі жабынның бұзылулармен қызметтерді, оның ішінде татуаж және татуировка бойынша қызметтерді көрсететін косметологиялық орталықтар жатады. Сонымен қатар, стационарлық медициналық көмек көрсететін, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылулары (аурулары) бар адамдарға психикалық денсаулық саласында стационарлық

дайын ет өнімдерін өндіру объектілері, балық өңдеу объектілері, қоялық және балықтың жартылай фабрикаттарын және (немесе) дайын балық өнімдерін өндіру объектілері, құс өңдеу объектілері, құс етінің жартылай фабрикаттарын және (немесе) құс етінің дайын өнімдерін өндіру объектілері, май өнімдерін өндіру объектілері, алкоголь өнімдерін, алкогольсіз өнімдерді, сыйымдылықтарға өлшеп-құйылған ауыз суды (оның ішінде минералды) өндіру объектілері, жемісті өңдеу объектілері, өсімдіктен алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде соя өнімдерін қайта өңдеу объектілері, арнайы тамақ өнімдерін өндіру, сақтау және (немесе) өткізу объектілері, аспаздық және йодталған тұзды өндіру объектілері, ұн тарту объектілері, нан және нан-тоқаш өнімдерін пісіру объектілері, қант өндіру объектілері, тамақ өнімдерін көтерме сақтау және (немесе) өткізу объектілері, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2017 жыл, № 6, 41-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің талаптарында көзделген өндірістік объектілердің санитариялық сыныптамасына сәйкес 1 және 2 қауіптілік сыныптарына жататын қызмет түрлері (химиялық өндірістер, металлургиялық, машина жасау және металл өңдеу объектілері, кен, кенсіз қазбаларды, табиғи газ және мұнай өндіру, мұнай өңдеу өнеркәсібі, құрылыс өнеркәсібі және құрылыс материалдары өнеркәсібі, қатты тұрмыстық қалдықтарды және уытты өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, залалсыздандыру, көму полигондары, сағатына 120 килограмм және одан артық медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, шығару, сұрыптау, қайта өңдеу, зарарсыздандыру, кәдеге жарату (өртеу) объектілері, минералды отынды жағу кезіндегі электр және жылу энергиясы өндірісі); өнеркәсіптік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылған радиорелік станциялар мен таратушы радиотехникалық объектілерді; қоныстану аумағы мен елді мекендерден тыс жерлердегі, сондай-ақ құрылыстағы жылжымалы радиобайла-

тағы), демалыс орындары (жағажайлар), су көздері, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін су жинау орындары, орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері, орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелері, сауықтыру және санаторий объектілері (маусымдық, жыл бойғы), демалыс базалары мен орындары, патогенді I-IV топтағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істейтін зертханалар эпидемиологиялық мәні жоғары объектілер болып табылады.

**-СЭББ-ның мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуына қандай жағдайлар негіз бола алады?**

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз бола алатын жағдайлар деп көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толық болмауы немесе ондағы деректердің анық еместігі, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, ұсынылған объектінің санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі жағдайларын айтуға болады.

**-Жалпы алғанда, аудандық СЭББ-ның негізгі атқарып отырған жұмыстары жайындағы ақпарат толыққанды айтылды деп ойлаймын. Тағы да алып-қосарыңыз бар ма?**

-Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Жолдауында халықтың денсаулығын іс жүзінде жақсартуға ерекше көңіл бөлінген. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының атқарып отырған жұмысы да аурудың алдын алу бағытындағы жұмыстар. Жалпы мекеме қызметкерлері тарапынан халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша тиісті жұмыстар өз деңгейінде атқарылып жатыр. Дегенмен, әр адам өзінің денсаулығы мен қоғамның денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қараса, күрделі мәселелер орын алмайды деп санаймын. Саулықтың сақтықта екенін естен шығармайық!

**-Хасен Нәлібайұлы, пайдалы ақпараттармен бөлісіп, сұхбат бергеніңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан:  
Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,  
журналист.



## Көше тазалаушы

Үстілеріне қызыл жеңсіз киім киген, қолдарына сыпырғы, ақ қап ұстаған, көбінесе көше бойында, ауыл айнала мына шеті сонау Қымкентке бұрылатын бұрылысқа дейін, мына шеті асфальт зауыттың асты, мына шеті қиян арыққа дейін желмен бірге ұшқан қағаз, жантақ, жу-санға ілініп жалпылдаған целлофан көлік терезесінен лақтырылған бөтелкелер мен баклашкаларды теріп жүрген жандарды көрмеу мүмкін емес. Күнде көре берген соң ба, жұрт онша бұл кісілерді елей бермейді. Жаз болсын, күз, не болмаса қыс болсын беттерін бүркеп алады. Шаң, аптап ыстықты, қара суықты, аязды күндері 4-5 шақырымға дейін дала мен көшені кезу әрине оңай емес.

Сонау тоқсаншы жылдардан бастап коммуналдық шаруашылық «Комхоз» деген атаумен ауданға белгілі бұл мекеме отыз жылдан астам уақыт аудан орталығының тазалығымен айналысып келеді. Бүгінде бұл мекемеде 30-дан астам адам жұмыс істейді. Қайсыбір жылдары таңғы ұйқыңды орталықтағы «Шымкентте бір адам!», «Түркістанға жүрміз!» деген тақсиге отырғызушылардың ащы дауысы оятса, қазіргі уақытта көше тазалаушы қызметкерлердің тасыр-тұсырынан оянамыз. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте оянған әйелдің бір ісі артық» деген. Түн қараңғысынан тұрып, түртпектеп жүріп тынымсыз тірілігі таусылмайтын бұл мекеме жұмыскерлерінің ырысын бір құдай жарылқасын, ал бір ісі онсызда артық екені даусыз. Себебі, олар күні бойы тыным таппайды. Жұмысқа таңмен таласа келіп, түн қараңғысымен қайтқанды былай қойғанда, бұл мекеме үшін сенбі, жексенбі мейрам, демалыс деген түсінік атымен жоқ.

«Біздің жұмысшылардың күні бойы істеген тірлігін бір адамның өзі жоққа шығаруы мүмкін. Мысалы аудан орталығының маңдай алды көшесі С.Қожанов пен Жібек жолы көшесінің бойы айнадай етіп тазартып, жарқыратып қойсақ, мәдениетсіз бір адамдар артынша ішіп-жеген қалдықтарын, қағаз, босаған сусынның ыдыстарын лақтырып кете барады. Оны көрген екінші бір адам: «Көше лас, қоқысы тазаланбапты!» деген бағаны бере салады. Әсіресе, әр көшенің қиылыстарына, айналма жол бойына, Балдысу-

Қарабұлақ, темір жол Қарасуан, қорған, Шымкент -Қымкент бұрылысына, тіпті «Созақ ауданы» деген шекараға дейін қаппен күл, памперстерді, мал өлекселерін түнде ешкім жоқта тастап кетеді. Білесіз бе, тазалықпен бірге ырыс, несібе, жақсылық келеді, береке мен қуаныш келеді. Тазалық әрбір көше тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Күн сайын өзім, орынбасарларым, қадағалаймыз. Аудан орталығына келген қонақтар алдымен тазалығына қарайды. Біздің мекеме тек тазалықпен ғана шектелмейді. Қайсы бір су тасу, сел жүру жерінде де техникамызбен сол жерден табыламыз. Су тасқыны кезінде төтенше жағдай мекемесі сияқты, жұмысшыларымыз бен техникамыз аяқтарынан тік тұрып қызмет етеді.

Негізінде тазалыққа тек біздің мекеме ғана емес, әрбір адам, ауылдың әрбір тұрғыны жауапты болуы тиіс,-дейді «Созақ сәулет» мекемесінің басшысы Берік Әбдіқадірұлы. Қарап отырсақ, Шолаққорған ауылында 489 адамға (6 жасқа дейінгі баланы қоспағанда) 1 жұмыскерден келеді екен. 489 адамның соңында 1 адам қалдығын жинайды.

Туып, өскен жеріміз болған соң әркімге де ауылы ыстық болуы керек. Біздің ауданның халқы кішіпейіл, қонақжай, кеңпейіл, ендігі сәтте тазалыққа кең құшақ аша білсек ауылымыз ажарлана түсер еді.

Әйтсе де ауылдастарымыздың тазалық жөніндегі түйсігі мен мәдениетін, түсінігін әлі де көтеру керек. Ата-ана ойын баласын «қоқысты төгіп кел» деп жұмсай салады. Оны бала дйттеген жерге төгеді ме? Жоқ па? Көше бойына лақтырып кете ме? Қадағаламайды. Бұл мәселемен қоғам болып айналысу керек. Өткен жолы қарсы алдымда үш ересек бала келе жатыр. Оларды көріп байқап келемін. Бір кезде біреуі жегеннен босаған қағаз қалтасын жол жиегіне лақтырып жіберді. Мен дереу жақынырақ барып үшеуін шақырып сөйлестім. Біреуін танып тұрмын. «Сендер елдің, қала берді осы ауылдың жігіттерісіңдер. Ертең осы ауылдың өсіп-өркендеуі сендердің қолдарыңа тиеді. Түрлі мамандық иесі боласыңдар. Сонда сен тастасаң, ол тастаса ауылымыз қалай жаңарады? Өздеріңнен кейінгі жастарға не

ақыл айтасыңдар? Жоқ. Олар өз қателіктерін түсініп әлгі тастаған қалтасын көтеріп алып базардың бұрышындағы қоқыс жәшігіне апарып салды. Осылай әрбіріміз айтып түсіндірсек жастар орындайды. Ұрсудың, жекірудің қажеті шамалы. Жалпы көше сыпырушылардың өзіне жүкті артып қоймай қоғам болып адами пейілмен тазалыққа қамқоршы болуға тиіспіз.

Мен әскери борышымды Германияда өтедім. Сонда көше бойында шылым шегіп бара жатқан неміс қолындағы шылымының тұқылын саусағы күйіп бара жатса да жерге тастамай, тек алғашқы кезіккен жол бойындағы урнаға апарып тастайды. Көше бойында көлденең жатқан қылтанақ шырпы таппайсың. Бұл да болса тектіліктің қасиеті болса керек. Ал тектілікке келгенде қазақтан асқан текті халық бар ма? Неге біз тазалыққа бей-жаймыз? Көктем айында мектептерде

тазалық сабағы өтіп тұрса. Мектеп ұстаздары оқушыларға тазалық туралы диктант жазғысса, шағын әңгіме жазғысса, оқушы балаларда сол түсінік қалыптасары анық. Жасыратыны жоқ Кешегі Кеңес өкіметі жылдарының тәрбиесін көрген аға буын тазалыққа жақсы қарайды. Бірде демалыс күні Меймандосов көшесімен жоғары өрлеп бара жатыр едім. Бір әйел кісі үй айнала желмен ұшқан целлофандарды, қағаз қалталарды теріп жүр екен. Жақындағанда таныдым. Аудан әкімінің сол уақыттағы орынбасары Сәуле Еденбаева апай екен. Апайдың өнеге ісіне риза болдым. Көше тазалап жүрген кісілердің, қызметшілердің тұрмыс жағдайы да онша емес. Оның үстіне ол кісілерге де құрметте мардымсыз. Көбіне ол кісілерге деген ауыл азаматтарының құрметі төмен. Олардың өзін де, еңбегін де бағалауды, құрметтеуді оғаш көреді.

«Жолдың шетінен келіңізді алыңыз астын тазалаймыз», «Қоқысты урнаға апарып тастаңыз» деген ескертпе сөздерін елең қылмай, күліп, кекетіп жататын мәдениетсіз кісілер де кездесіп жатады. Менімше, адал еңбек етіп тапқан наннан аса қадірлі ештеңе жоқ. Жұмыстың үлкен-кішісі, қадірлі-қадірсізі болмайды. Ең бастысы адал еңбектену. Көше сыпырамын деп намыстанудың да қажеті жоқ. Сонымен қатар, ел іші болған соң құқық бұзушылықтар болып жатады. Сол құқық бұзған азаматтарды да көше тазалығына, басқа да қоғамдық жұмыстарға тартып жатса ауыл тазалығына үлес қосар еді. Жұмысшылар көбінесе шаң-тозаң, лас жерлерде, шақырайған күннің астында, қыс болса аязды күндері жұмыс жасайды. Денсаулықтары қалай? Басты байлықтарын күтіп ұстауға мүмкіндіктері, уақыттары бола ма? Жаппай медициналық тексеруден тегін өткізу, шипажайға жіберу, балаларын лагерьге тегін демалдыруға жіберу керек-ақ.

«Көп еңбек еткенге бақыт та басын иеді» деген рас сөз десек, қарапайым көше тазалығында жүрген жандарға құрметпен қарайық. Ол дегеніміз өзімізді құрметтегеніміз болар еді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІ

Наурыз айының жиырма екінші жылдызы халқымыз үшін қасиетті мейрам. Себебі күн мен түннің теңелген күні, яғни жаңа жылдың бастауы. Жаңа жылдың бастауы деуіміздің себебі – қыста еңсегі езер Арқаның үскірік аязының беті қайтып, беткейдегі бәйшешек гүлдеп, негізгі күн көрісі төрт түлігі төлдеп, құлын-тайдың аузы көкке ілінуі нағыз жаңа жылдың, жаңа күннің бастауы іспетті. Наурызға байланысты халық аузында жинақталған аңыз әңгіме тым көп-ақ. Бұл мейрамның пайда болу тарихы осыдан 2-3 мың жыл алдын болған десе, этнограф профессор Ж.Артықбаев болса 10-13 мың жыл алдын болған деген ұстанымда. Себебі ел аузында сақталған тарихи дәлдікке жақын нұсқасы М.Ж.Көпейұлының нұсқасы. Онда былай дейді: «Кеме Қазығұрттың басына басына тоқтаған күн қасиетті Мұхамар айының оны екен, жылдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні» дейді. Мұны профессор былай түсіндіреді: «Араб күнтізбесі ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхамар айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деген құрметке ие, ал жылдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және қазіргі наурыз айына сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады» деген деректі келтіреді. Демек қалай болғанда да Наурыз мейрамының пайда болу тарихы Нұр пайғамбардың топан су қайтқаннан кейінгі болған оқиғалармен тікелей байланысты. Ал топан судың болған уақыты ғылыми көзқарастар негізінде осыдан 13 мың жыл алдын болған деседі.

Бұл Наурыз мейрамын қазақ халқынан басқа күншығыс елдерінің көбі тойлайды. Сондай-ақ Үндістан, Иран, Ауған, Қырғыз, Өзбек, Кавказ елдерінің барлығында да тойланады екен. Бірақ тілдік және мәдени ерекшеліктерге байланысты түрлі атаумен аталады. Наурыз мейрамының қадір-қасиеті туралы Алаш зиялысы М.Дулатов 1923 жылы шыққан Еңбекші қазақ газетінде былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы деген секілді. Өзгелерді былай қойғанда, өзіміздің көршіміз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген. Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айтарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз» деген екен. Тарих толқынында 1926 жылы Наурыз мейрамын тойлауға Кеңес үкіметі тарапынан үзілді кесілді тыйым салында. Бұл туралы А.Байтұрсынұлов: «Бұрыңғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан ауылға, үйден-үйге жүріп көрі –жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді.

Кейде ел арасында наурызды тойлауға болмайды. Бұл парсылардан келген, олардан алдын отқа табынушылар тойлаған. Сондықтан да отқа табынушылардың мейрамын тойлауға болмайды деп Алла Елшісінің бірді екілі хадисін жаттап алып шарифат соғып жататындары да болып жатады. Еуразия халықтарының көбінде «наурыз» сөзі кездеседі екен. Үнді-иран, герман-латын тілдес халықтарда «новый», «нео» яғни жаңа деген мағынаны білдіреді. Ал парсы тілінде «новруз» жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Алайда парсыдан алыс қалың қарағайлы орман ішіндегі чуваш халқының тілінде де «ноурас-ойахе» яғни наурыз деген сөз бар. Осыған қарап наурызды тек парсылар ғана емес көне түркі халықтары да тойлаған деген тұжырымға келуге болады. Кезінде наурыз мейрамын тойлауға болмайды деген көзқарасты ұстанған Ханафи мазхабы ғалымдары да болған. Бірақ саны шектеулі. Өйткені сол ғалым тұратын өңірде наурыз кезінде отқа табынушылық элементтері (отты айнала жүгіру, оттан секіру, отқа сыйыну) болғандығы себепті осындай пәтуа берген болуы мүмкін. Ал Алла Елшісінің (с.а.с) бір хадисінде: «Амалдар ниетке байланысты» деген сөзін ескерер болсақ наурыз мейрамының да шарифаттың жолынан алыс еместігін байқауға болады.

Қалай болғанда да Ұлыстың Ұлы күні атанған Наурыз мейрамы Еуразия даласын еркін жайлаған ежелгі түркі халықтарының мейрамы екендігі айқын. Ал сол түркінің қара шаңырағы әрине қазақ жері екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Өзіміздің ұлттық нақышымыз наурыз мейрамын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіміз үшін міндетті бір амал. Наурыз мейрамын тойлау біздің рухани өмірімізге мән дарытып тұрған қасиетті мейрам болып қала бермек.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,

Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

## Тіршілік көзі-өмірдің өзі

Көліктер ары-бері ызғыған күре жолдың бойы өрт шығу шағының бір нүктесі десек артық айтқандық болмас. Орман шаруашылығы егістіктері мен жайылымдарына зор қауіп тудырып отырса, осы өрттің тұтануына себепкер көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын көлік терезесінен лақтыра салуы, ауданның орман шаруашылығына елеулі зиянын тигізеді. Табиғат ананың мінезі аяқ астынан өзгеріп, күн ыстық болатын аймақтар салқын тартып, ал табиғаты қатал аязды, мұз құрсауындағы өлкелер кенеттен жылынып барша адамзат баласын әбігерге салатыны бар. Бұл да орман қызметкерлерін ұдайы сақтыққа шақырады, ширақ қимылдауға үйретеді. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік.

**Мұрат ШЕШЕНҚАРАЕВ,**  
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің  
орманшысы.

## Тілсіз жаудан сақтайық!

Көктем шығып, күн ысы бастасымен дала орман өрттері өршиді. Осыны ескере отырып, аудан халқын табиғи байлығымыз орман алқаптарын бейберекет шабудан және орман өртінен сақтануға шақырамыз.

Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем барша азамат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянаттымыз. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлерді өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтап, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді. Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

**Асхат ТҰРМАХАНОВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және қыста болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан, қысты күндері аңшылыққа шыққанда от жағып жылындан, ас әзірлеуден туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орманда з, атаралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Жазғы уақытта шыжыған күндері көптеген жеке азаматтар ыстықтап, хиймдасып тау баурайына сейілге шығып серуендеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттерін орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескерейік.

**Өмірәлі ЖАҚСЫБАЙ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

## Мұрагерлік ашылды

Түркістан облысы Созақ ауданы Сызған ауыл округі, Сызған ауылы, Алдасүгірхлы көшесі, №27 үйде тұрып, 2020 жылдың 22 сәуірі күні қайтыс болған Байжанов Алпысбайдың атына мұрагерлік іс ашылды.

Мұрагерлерді Түркістан облыстық нотариаттық округінің нотариусы Қудайбергенов Батырхан Кожаметовичке хабарласуларын сұраймын.

Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Қожанов көшесі, н/ж. Тел: 8-705-685-88-11, 7-91-09.

Нотариус: **Б.К. Кудайбергенов.**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Қ.Кемелхлы атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Мұхтар Жыңғылбаевқа жұбайы

**Гүлзира Қыстаубекованың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Президентіміздің халыққа арнаған әрбір Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап

кеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау; құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Қоғамды сыбайластыққа қарсы насихаттау

## Ортақ іске қайрат пен күш керек

көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігін шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; қоғамдық бақылау институттарын енгізу; мемле-

жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы маңдай терімен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

**Жалғас ЖЕҢІСБАЙҰЛЫ,**  
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары  
бөлімінің сектор  
меңгерушісі.

## Қоғам дертінің алдын алайық!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызметі шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әрікміңіз де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ

болу үшін, әр отбасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ тәрбиелеу-басты міндет. Болашақ ұрпағымызды адалдыққа үйретуіміз керек. Тәрбие тал бесіктен басталады деген қазақ, егер кішкентайынан баланың санасына адалдық, жауапкершілік, отаншылдық қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасады.

**Біржан АЛШЫНБЕКОВ,**  
аудандық статистика  
басқармасының жетекші  
маманы.

## Құтыру ауруынан сақ болыңыз!

Құтыру ауруы-орталық жүйке жүйесінің зақымдануынан агрессивтілікпен, құтыру, тістеу, судан қорқу немесе жартылай салдану, сілекей шұбыру тағы басқа белгілермен ерекшеленіп, жіті өршітін вирустық ауру.

Аурудың негізгі жұқпалы көзі: Құтыру ауруымен ауырған үй жануарлары (ит, мысық, сиыр, қой және т.б.) жабайы аңдар (түлкі, қарсақ, қасқыр, жарқанат).

Жұғу жолдары-құтырған ауру жануарлардың сілекейі (тістегенде, тырнағанда дененің жарылған жеріне) арқылы жұғады. Ауру белгілерінің жасырын кезеңі үш аптаға, кейде үш айға дейін созылады. Құтыру ауруы екі түрде- елірме және сал ауруы түрінде өтеді. Ауруға шалдыққан мал еліріп, тұрған қоршауды сүзгілеп, салған шөпті жан-жағына шашып, өзіне жақындаған адамға тап беріп, қалыптан тыс қылықтар көрсетеді. Осы кезеңнің тағы бір белгісі- аузынан сілекей шұбырып терлейді, жиі-жиі зәр шығарады. Астыңғы жақ сүйегі сал болып істемей қалады. Бұл осы аурудың басты белгілерінің бірі болып саналады. Аурудың алғашқы белгілері байқалағаннан кейін бес күн немесе жеті күн өткен соң мал өледі. Бұл індет иттерде де елірме және сал түрінде өтеді. Бірінші түрі үш күнге дейін созылады. Осы кезде ит қараңғы жерге тығылып үнсіз жатып алады, кейде өзінен-өзі еліріп, өршеленіп үреді. Кез келген жануарға ұмтылып, тіпті өз егесін де тістеуге әрекет жасайды. Әртүрлі заттарды (шөп, тас, темір) шайнап жұтып қоятындай болады, бірақ жұта алмайды. Су іше алмайды, судан қорқады. Жарық пен судан қорқуы құтыру ауруының негізгі белгілері болып саналады. Аузынан көбікті сілекей шұбырады. Астыңғы жақ сүйегі салданып қызметін жоғалтады. Иттің дауысы қарлығып үре алмайтын жағдайға жетеді.

Індеттің екінші түрі- сал (паралич) созылмалы болады. Аурудың, бұл түрімен ауырған ит

төрт, ары кеткенде жеті күн шамасында өледі.

Егер ит (немесе мысық) құтырған болса, арада 8-9 күн өткенде өліп қалады немесе жоғалып кетеді. Сондықтан бақылауға алынған ит (басқа да жануарлар) байлаулы немесе қамаулы тұруы керек. Егер тістеген ит, тістеген күннен бастап есептегенде 11-ші күні өлмей, ауру белгілері білінбей сау болса, онда ол құтыру ауруынан сау болғаны. Демек, күдікті иттің (немесе басқа жануарлардың) тістеген кезде құтыру ауруынан сау болғандығы тек күні бақылаудағы ит иесі, инспектор және жарақат алған кісі (егер жарақат алған жас бала болса, итті білетін ата-анасының, аға-әпкелерінің біреуі құжаттарымен келуі керек) иттің, сол тістеген ит екеніне, оның аман-сау екендігіне көз жеткізіп, арнайы толтырған қағазға қол қояды. Содан соң ауыл округінің мал дәрігерлік бекетінің меңгерушісі иттің аурудан амандығы жайлы анықтама береді. Егер бақылаудағы ит өліп қалса, немесе қандай да бір себеппен қашып шығып жоғалып кетсе, ол өлдіге саналады да жарақат алған адамға 90 күн алдын-ала егу емі жасалады.

Ескерту: ит, мысықты ұстау ережелері мұқият сақталуы қажет. Иттер байлауда немесе арнайы вольерде ұсталуы керек. Қыдыртқанда немесе қоғамдық көлік ішінде алып жүргенде оларға міндетті түрде тұмсыққап кигізу керек. Сондай-ақ ит мысықтарды арнайы дәрілейтін мекемелерден тіркеуден өткізіп, оларға тиісті құжат алып, жыл сайын құтыруға қарсы вакцина егу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.

Ит, мысық асырайтын болсаңыз, жергілікті мал дәрігерлеріне көрсетіп, тиісті кеңес алып, құтыру ауруына қарсы вакцина ектіріп тұруларыңыз қажет.

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары өздеріңізге тиесілі ит-мысықтарыңызбен өзгеде жануарларыңыздың, жоғарыда көрсетілген белгілерді байқаған жағдайда ветеринарлық мекемеге шұғыл хабарлауларыңызды сұранамын.

**ТО АШБ «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК-ның Созақ ауданы филиалы.**



## КӨРЕРМЕН КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ҚОЙЫЛЫМ

1969 жылы ақпан айында аудандық мәдениет бөлімінің көркемөнерпаздар ұжымы қазақ ұлтының жауһары саналатын «Еңлік-Кебек» трагедиясын сахналап, «Халық театры» деген мәртебелі атақты жеңіп алып еді. Содан бері яғни жарты ғасырдан астам уақыт «Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнерді» (Ф.Мүсрепов) жұртшылық назарына ұсынып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, ауданның абыройын асқақтатып келе жатқан Созақ халық театры Аналар мерекесі қарсаңында Ә.Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» атты драмасын көрерменге тарту етті. Психологиялық тартысқа құрылған қойылым бірі ыяға, бірі қияға қонып, өз тіршіліктерімен кеткен ұл-қыздардың аналарының туған күнін атап өту үшін қара шаңыраққа жиналуынан басталады. Ері ертерек қайтыс болып кеткен Дәметкен ана (Раушан Баймұратова) мен кішкентайынан мүгедектер арбасына таңылған, сонда да қара шаңыраққа бас болып қалған кенже ұлы-Мақсат (Әбілқасым Төлбай) екеуі тағатсыздана күткен қонақтардың алды да келе бастайды. Ең алдымен үйдің үлкен қызы Әлия (Мархабат Бейсенова) мен күйеуі Тұрсын (Рүстем Ернарар), онан кейін кіші қыз Ләйлә (Мәдина Сабырова) мен күйеуі Зарқымбек (Еркебұлан Әлжанов) соңында үлкен ұл Ерғали (Мейрамбек Тоғысов) келіп, дастархан жайылып, шаңырақ шаттыққа бөленіп сала береді. Сағынып жатқан ұл-қыздардың аналарына деген ағыл-тегіл ақ тілектері, жиі-жиі көтерілген тостар, күйеу балалардың әдемі әзілдері тіпті топтан бөлініңкіреп кетіп «ұрламай» жасауларына дейін әдепкіде жарасымды көрінеді. Алайда, көп өтпей

дүние-байлық сөз болып, бір ананың құрсағынан шыққан бауырлар сөзге келіп, бір-біріне қол жұмсап та үлгереді. «Бір үйдің балалары емессіңдер ме? Қойындар, татуласыңдар!» деп шырғалдаған ана-Дәметкенге де, кенже бауырлары-Мақсатқа да қайрылмастан, бауырлардың алды үйден кетуге оқталады. Мұндай жайттың кім-кімге де ауыр соғатыны анық қой. Қойылымның соңы да қатты қапаланған Дәметкен ананың естен танып құлауымен, кішкентай Мақсаттың өзі аңыз ғып айтатын есік алдындағы бір түп алма ағашқа асылып қалуымен аяқталады. Республикалық, облыстық театрларда қойылып өз бағасын алып үлгерген туындыны ауылдың қарапайым сахнасында қою әрине, оңайға түспейді. Бұл тұрғыда қоюшы режиссер Рүстем Ернарардың (қоюшы суретші Сиезбек Есжанов, дыбыс режиссері Роман Дүйсебеков, жарық беруші Нұрдан Маханов) қойылымды ауыл сахнасына ыңғайлап, оған қатысқан өнерпаздарды да жан-жақты дайындап әжептеуір тер төккенін байқадық. Соның арқасында, қойылымның бастапқы кезінде сөздері пышырап, үзілістерге жол беріп, көрерменді жалықтырып ала жаздаған өнерпаздар тез арада шырғып, өз рөлдерін сәтті алып шыға білді. Өз шеберліктерін аямай жұмсап, көрерменнің ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленді. Қойылым аяқталғанда көрерменнің орындарынан тік тұрып, ұзақ уақыт қол шапалақтауы да осыны білдірсе керек.

**Байділдә АЙДАРБЕК,**  
ақын, сазгер,  
драматург,  
Мәдениет саласының  
үздігі.

## Алиқарып Нұржанов

### ҚОШ КЕЛДІҢ

Рамазан-ислам күнтізбесіндегі 12 айдың ішіндегі 9-шы ай. Рамазан сөзінің мағынасы «күйдіру, өте ыстық» деген мағыналарды білдіреді. Өйткені осы айда ораза ұстау арқылы адам күнелерін күйдіріп, тазалануға көп мүмкіндік туады. Осы айды толық ораза ұстау парыз етілді.

«Ораза» сөзі парсы тіліндегі «руза» сөзінің қазақ тіліне енген түрі. Араб тілінде «саум» және «сыям» деп аталады. «саум» сөзі араб тілінде «бір нәрседен аулақ болу, бір нәрсеге қарсы өзін-өзі ұстау, бөгеу» деген мағына білдіреді.

Ал, шариғатта: ораза-имсәк (шынайы таң) уақытынан бастап, ауыз ашар уақытқа дейін (күн батқанша) «ішіп-жеуден және жыныстық қатынастан аулақ болу дегенді» білдіреді. Рамазан айында ораза парыз. Алла Тағала қасиетті Құранда;

«Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сол арқылы (асау нәпсіні тізгіндеп), күнә атаулыдан сақтанып, тақуалыққа жетерсіңдер,- деген. («Бақара» сүресі 2:183)

Сол себепті әрбір;

1.мұсылман  
2.балиғат жасқа жеткен және ақыл-есі дұрыс

3.ораза ұстауға күші жететін және тұрғылықты кісі үшін ораза парыз амал.

Ескеру керек болған дүние, оразаның негізгі мақсаты, әрі ерекшелігі-нәпсімен күресіп, оны бақылауға алып, рухани тазалыққа жету. Хәзіреті Мәуленә: «Адамзаттың негізгі азығы-Алланың нұры. Оған денелік тамақты көп мөлшерде беру дұрыс емес. Адамның негізгі азығы-иләхи махаббат пен ақыл. Адамзат қашан да негізгі рухани азығын ұмытып, денелік азықтың артына түсіп кеткенде тынышсыз болады. Сондықтан ол ешқашан тоймайды. Қанағаттың не екенін білмейді. Ол әуесқойлығын беті сарғайып, аяқтары дірілдеп, жүрегі жанталайып соққан күйде болады. Дүниелік өмірдің азығы қайда, мәңгілік өмір-ахиреттің азығы қайда?!-деп, рухани байлықтың құпиясын ашқан.

Хәзіреті Лұқман ұлына өсиет айтарда: «асқазанның толғанда сана-сезімің ұйықтап қалады. Хикмет үнсіз қалып, мүшелерің ғибадат жасай алмай қалады»-деген.

Дәрігерлерден:

«Емнің ең шипалысы қайсы?».

Даналардан:  
«ғибадатқа қоздырып шабыт беретін жағдай қайсы?»

Зәһидтерден:  
«Аллаға берілуді күшейтетін ең жақсы нәрсе не?»

Ғалымдардан:  
«білім үйреніп, соны жаттау үшін артықшылығы бар нәрсе қайсы?»

Ел басшыларынан да:  
«ең ләззатты және күшті азық қайсы?»-деп

сұралғанда, барлығы: «аз ішіп-жеу!» деп жауап берген екен. Осындай хикметке толы рамазанның дұрыс өткізу үшін мына нәрселерді білуіміз керек.

1.Рамазан айы басталғаннан уайымымыз тамақ болмауы керек. Аштықтан қорқып сәресі мен ауызашарға тойып жеу, оразаның хикметін көруден тосады.

2.Миға жалған сигнал беріп, оразаны ұйқымен өткізу де қателік. Бұл ай сауаптар еселенетін ай, ал ұйқыны еселеу айдың қасиетін сезінбеу болады.

3.Айдағы тағы бір қателігіміз уақытты бос өткізу. Бұл ай рухани кемелденуге шақыратын ай болған себепті, барынша уақытты құлшылыққа бөлуіміз керек.

4.Себепсіз ауыз ашу Жаратқанның бұйрығын түсінбеу болып саналады. Сол себепті сапарға шығып немесе адам ауырып қалмаса басқа себептермен ауызды ашып жіберу немесе сол күннің оразасын өткізіп жібере салу көп кездесетін қателік.

5.Сәресіге ұйықтап қалған кісінің сол күні ауыз ашып жіберуі де жиі кездесетін жәйттар. Сәресіге ұйықтап қалушы кісі еш нәрсе жеместен ниет етіп оразасын жалғастыра береді.

6.Рамазандағы қателіктің бірі дәретсізбін не бой дәретім жоқ деп ауыз бекітпей қою. Оразаға жүніптік шарт емес екенін білуіміз керек. Алайда етеккір немесе нифас көруші әйелдер оразаны тоқтатады.

7.Оразаның тиымдарынан (өсек, өтірік, ғайбат, жаман сөздер т.б.) тиылмай ауыз бекіту.

8.Ораза ұстаушы тек тамақтан тиылмауы керек. Бәлкім Құран айы болған бұл айда жиі Құран оқуы керек. Имам Абу Ханифаның рамазан айында 61 мәрте құран хатым жасағны туралы жеткізеді.

9.Ораза ниеті тек жаратушының разылығы болу керек. Азу не болмаса құрдастармен қатарласып ұстай салу сауабын кемітеді.

10.Рамазанның соңғы тақ күндерінің бәрінде қадір түнін куту.

11.Қадір түнін ұйқысыз отыру деп түсінбеу. Керісінше Жаратқанға құлшылықтар мен мінәжаттарды, дұға-тілектерді көбейту.

Әли ибн ӘБУ Тәліп (р.а) былай дейді: «Мен сұрадым: О Алланың елшісі (с.а.с.)осы айдағы ең сауабы көп амал қандай?» Пайғамбарымыз айтты: О Әбу Хасан бұл айдағы ең жақсы амал- Алла тыйым салған барлық істерден ұзақтау,- деген. Ендеше бізде қасиетті айда, тағдырлар жазылатын айда, Алланың мейірімі түсетін айда, бар ықыласымызбен Жаратқанға құлшылығымызды арнайық. Алла тілек, дұғаларымызды қабыл етсін. Әмин!

**Мейрамбек ӘБДІҚҰЛОВ,**  
Шолақорған орталық мешітінің бас имамы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ!!!

### Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші ТОО «GREENFUEL» операторын Сәбит тел.8-702-202-00-01 ұялы телефоны, бағасы 205 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолақорған ауылдық округіндегі «AQNIET-2» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
Бакытжанович

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
**161000, Шолақорған ауылы,**  
**С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30**  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.